



### Сандықтаудың жүз жасар тұрғыны

Бір ғасырлық ғұмырында Татьяна Наумовна Денисенко талай жағдайды басынан кешірді. Алғашқы күйеуі Колчак түрмесінде атылған болса, үлкен ұлы Отан соғысында мерт болды. Ал екінші күйеуі 30-жылдары сталиндік қуғын-сүргінге ұшырады. Тағдырын салған ауыртпалығына көне білген ана төрт бала тәрбиелеп өсірді. Жақында Сандықтау ауданының тұрғыны Татьяна Денисенко 100 жасқа келді. Оның бұл мерейтойы атаусыз қалған жоқ. Аудан

әкімшілігі мен жергілікті қоғамдық ұйымдар ғасыр құрдасын туған күнімен құттықтап, сый-сияпат көрсетті. Әжейдің туған күніне орай тиісті органдар кезінде халық жауы атанған күйеуі Михаилдың ақталғандығы жөнінде заң орындарының шешімін табыс етті. Әділеттіліктің салтанат құрғанына қуанған қария жұртшылыққа дән ризашылығын білдірді. Мағжан САДЫХАН, «Егемен Қазақстанның» тілшісі. АҚМОЛА.

### Курчатова мешіт ашылды

Курчатова қаласы — қырық жылдай уақыт бойы Семей атом полигонының астанасы ретінде атағы шыққан елді мекен. Ол тұста бұл қаладан қандастарымызды сирек кездестіретінбіз. Жергілікті ұлт өкілдері қазір осындағы ядролық орталықта, әскери бөлімдерде, қалалық түрлі мекемелерде еңбек етіп жатыр. Дес бергенде пәтер мәселесінде қолбайлау жоқ. Яғни, олар кезінде асығыс көшп кеткендердің пәтерлерінен қоныс алуа.

Ашылды. Осы орайда курчатовтықтардың «Астра» деп аталатын шағын кәсіпорын директоры Мәулік Мұратовқа алғыстары шексіз. Өйткені әлп кәсіпкер азамат мешіт құрылысына 300 мың теңге қаржы аударды. Соның нәтижесінде бұрынғы дәрехана үйі мешітке айналды. Кешегі атом тажалын төндірген қалаға имандылық келген көңілге рухани қуат.

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ, «Егемен Қазақстанның» тілшісі.

Шығыс Қазақстан облысы.

### Сәуірде «Жас қанат» қалықтайды

Республикалық «Жас қанат» байқауы үстміздегі жылы 7-12 сәуір аралығында өтетін болды. Оған қатысуға плек білдірушілер санының уақыт өткен сайын ұлғая түсуіне байланысты соңғы жылдары ер облыстан байқауға ең талаптыларды жіберу мақсатында жас әншілердің аймақтық конкурстары ұйымдастырылып жүр. Әуелде аймақтық байқаулар екі-үш облыста ғана өткізіліп келген болса, қазір Қазақстанның барлық дерлік облыстарында жас әншілер конкурсы ұйымдастырылатын болды.

Мәселен, Ақмола қаласында «Ақмоланың жана жылдыздары», Орал мен Атырауда, Жезқазғанда «Жас қанат» атты аймақтық байқаулар болып өтсе, Ақтауда «Желтоқсан дауысы» конкурсы ұйымдастырылды. Сондай-ақ жас орындаушылардың Павлодар, Қостанай, Тараз, Шымкент және Қарағанды қала-

Самат МҰСА.



Ғылым. Ғалым. Ғасыр

# ПАРАСАТТЫЛЫҚ ПАТШАДЫҒЫ

Академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев туралы сыр-толғау

Халқымыздың біртуар перзенті, зиялы қауымның көшбасшыларының бірі, айтулы академик Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев үстміздегі барыс жылы, ақпан айының 18 жұлдызында 60 жасқа толады. Барыс жылының көне көз қариялардың айтуына қарағанда өзге жылдардан ерекшеліп — ел тоқшылықта болады деседі. 1998 жылы өткен жылдарға қарағанда сәл де болса экономикалық тұрақтылық нышаны сезілетін болса, ел деп жанын сала еңбек етіп жүрген академик Кенжеғали Әбенұлының да ғалымдық үлесінің бір белгісі деу жөн шығар.

Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданының 1-ауылында дүниеге келген. Арғы аталары Шақшақ Жәнібектің кім екені қалың қазаққа мәлім. Жалпы Кенжекең кіндік кескен жер тарихи тереңде жатқан Торғай өңірі. Оның үстіне бұл өлке 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліснің бесігі болғаны белгілі. Қазақ елінің ұлттық мақтаныштары Әліби Жангелдин, Амангелді Иманов, Әлібек Майкөвтер жөніндегі ел аузындағы ақиқат әңгімелерге, батырлықтың үлгісіне қанық болып өскенімізді ешкім жоққа шығармас.

«Қазақстандағы материалдық-техникалық жабдықтауды басқару» (Алматы, 1975 ж.), «Материалдық-техникалық жабдықтау және өндірістің тиімділігі» (Алматы, 1978 ж.), «Қазақстандағы жабдықтау мен оны өткізудің материалдық-техникалық базасы (авторлармен бірге, Алматы, 1982 ж.) монографияларында және басқа да еңбектерінде материалдық-техникалық жабдықтауды басқару, оның экономикалық тиімділігін арттыру мәселелері көрсетілген. Осы жұмыстарында ғалым орталықтандырылған қормен жабдықтау жүйесін, өндіріс құралдарын көтерме саудаға көшіру керек екендігін негіздеді. К. Сағадиев Қазақстан экономист-ғалымдарының арасынан бірінші болып сол кезде-ақ осы көтерме сауданың келешекте маңызы зор екенін атап айтқан. Бұл тұжырымдар қазіргі нарық кезінде бірінші кезекке шығып отыр. Оның бұл еңбектерінде көрсетілген ғылыми тұжырымдар сол уақыттағы халық шаруашылығының өртүрлі салаларында кеннен қолданылды. Тек қолданылып қана қоймай Кенжекеңнің атсалысуымен бұрынғы Алматы халық шаруашылығы институтында материалдық-техникалық жабдықтау кафедрасы ашылды. 1973 жылы материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикасы мен жоспарлауы кафедрасы болып ол қайта құрылып, өзі оның менгерушісі болды. Сол жылдардан бастап қазақ

мақалаларында бұл туралы ауқымды әңгіме көтерді. Ұшан-теңіз байлығымызды өзге емес өзіміз дұрыс пайдалану үшін ғылыми-техникалық жүйе құру — қазіргі уақытта ең бір қажетті мәселе екенін дәйектеді. Оның бұл тәрізді еңбектері Қазақстан экономикасындағы ғылыми тұжырымдарды байытты.

Академик К. Сағадиевтің Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының президенті болып сайлануында бірнеше назар аударарлық тұстар бар. Ол — Ұлттық Ғылым академиясының тарихында экономист-ғалымның тұңғыш рет баламалық негізде президент болып сайлануы еді. Осы жұмыста ол өзін өте талантты ұйымдастырушы ретінде көрсете білді. Ұлттық Ғылым академиясының бүкіл жұмысын түбегейлі қайта құрды, іргелі және қолданбалы зерттеулерді ұйымдастыруға қомақты үлесін қосты. Ғылыми қызметкерлерді қайта аттестациядан өткізе отырып, оларды әлеуметтік қорғау үшін маңызды шаралар қабылдады.

Академияның даму стратегиясының негізі етіп ғылым мен техниканы мүмкіндігіне қарай ел егемендігін күшейте жолдарына бағыттауға және осы мақсатқа жетуге ден қойды. Сонымен қатар ғалым елінің экономикасын тұрақты түрде дамытуын басты саласы — жаңа білім беру мен технологиялық прогресс екенін алға тартты.

Қазіргі кезде Қазақстанда экономикалық реформа жүргізу мәселелері мен оның өртүрлі салалары іргелі (фундаменталдық) теориялық және методикалық негіздеуді қажет етеді. Бұл тұрғыда Кенжеғали Сағадиев осы іргелі ғылымды халық мәдениетінің бір бөлігі, ұлт өркениеттілігі дәрежесінің көрсеткіші; әлеуметтік құрылыстағы өндіріс техникасы және технологиясындағы жаңа өзгерістерді сезіп отыратын халықтың көзі мен құлағы деген қағиданы ұсынып, оны жұрттымыздың әлемдік қауымдастыққа кіру қабілетін көрсетеді, өркениетке енуін айқындайды. Отанымыздың төрткүл дүниеге, болашаққа прогрессивті көзқарасын қалыптастырды деп тұжырымдайды.

Көрнекті оқымысты экономика саласынан басқа гуманитарлық ғылымдардан, яғни, тарих, әдебиет, өнер, тағы басқалардан хабарының молдығы, оның шетелдерде, Қазақстанда өткен өртүрлі симпозиумдарда, конференцияларда, ұлы адамдарға арналған айтулы сессияларда сөйлеген сөздері мен баяндамаларынан анық байқалып келеді. Ғылымды дамытып, білім беру ісін жетілдіру, байланыстарды баяндау ету мақсатында АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Оңтүстік Корея, Пәкстан, Иран, Израиль, Қытай және басқа көптеген елдерге шырып игілікті жұмыстарға ұйтқы болуы да бөле-жара айтуға тұрады. Оның білімдарлығы оқыған дәрістерінен көрініп жүрген мәлім.

К. Сағадиев — 1996 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институты мен Алматы малдәрігерлік институтының негізінде құрылған Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінің ректоры.

Аграрлық университеттің де жұмысын Кенжеғали Әбенұлы түбірмен қайта құрды. Ғылыми жүйеде істеп жүрген, ауыл шаруашылығын тәжірибесі мол ғалымдармен, мамандармен кеңесіп, оқу орнында ашылатын жаңа мамандықтардың саны мен сапасын анықтады. Бұрынғы екі институт бойынша 36 мамандықтан қалдырылды, қазір оның саны екі есеге жуық қысқартылып, 21 мамандық қалды. Уақыт талабына қарай биотехнолог, аграрлық заңтану, агроэкология, халықаралық аграрлық экономикалық қатынастар тәрізді жаңа мамандықтар өзінің жері, суы, малы, қаражаты бар шаруашылық иелерінің жана легін дайындау мақсатымен фермерлер мектебін әмірге келді. Тыңайтқыштың елшеусіз себілуінен және

мизьда жүріп жатқан Тасис жобасы болатын. Жоба оқытушыларды нарықтық экономиканы терең білуге, олардың қабілет-қарымның артуына аз үлес қоспағаны анық.

Сонымен аталмыш мекеме — Қазақстандағы экономикалық оқу орындарының қарашырағы және таңдаулыларға жан-жақты білім беретін бірден-бір академия болып отыр. Оның нарық заманының талабына орай жана бағытпен дамуына академик К. Сағадиевтің қосқан үлесі ерекше деп білеміз.

Кенжеғали Әбенұлының елдегі экономика саласындағы ғалымдардың ішінде шоқтығы биік тұр. Оған оның егемен мемлекет құрып жатқан Қазақстан экономикасы жайлы жазған ғылыми мақалалары дәлел. Бұл ретте 1995 жылы Ұлттық Ғылым академиясының хабаршысында жарияланған «Қазақстандағы экономика реформасы: тұжырымдамалық дәлелдеудің кейбір жолдары» деген талдау еңбегінде ол — Қазақстандағы экономикалық реформаны жүргізудің концептуалдық негіздеу жолдарын көрсетеді. Ғалымның мензеуінше Қазақстанның қазіргі экономикасын түбегейлі өзгертіп, оның өркендеу стратегиясын жанарғуда — жаңа саясат, жаңа көзқарас, экономикалық ойлау жүйесін — бүтінгі күн талабына негізделген басқару процесін қалыптастыру керек екен. Шындығында, жана парадигма теориясының қажеттігі қазіргі қоғамның жана парадигмамен байланыстылығынан туып отырған мәселе. Сондықтан да бізге батыл ғылыми тұжырымдар, сонымен қатар идеологиялық қоспалардан таза — жана экономикалық теория жасау керектігін ол өзінің бірнеше мақалаларында атап көрсетті.

Көрнекті экономист «естен тану терапиясын» талдай келе мынадай қорытындыға келеді: «Қазақстандағы экономикалық жабдықтау және өндірістің тиімділігі» (Алматы, 1978 ж.), «Қазақстандағы жабдықтау мен оны өткізудің материалдық-техникалық базасы (авторлармен бірге, Алматы, 1982 ж.) монографияларында және басқа да еңбектерінде материалдық-техникалық жабдықтауды басқару, оның экономикалық тиімділігін арттыру мәселелері көрсетілген. Осы жұмыстарында ғалым орталықтандырылған қормен жабдықтау жүйесін, өндіріс құралдарын көтерме саудаға көшіру керек екендігін негіздеді. К. Сағадиев Қазақстан экономист-ғалымдарының арасынан бірінші болып сол кезде-ақ осы көтерме сауданың келешекте маңызы зор екенін атап айтқан. Бұл тұжырымдар қазіргі нарық кезінде бірінші кезекке шығып отыр. Оның бұл еңбектерінде көрсетілген ғылыми тұжырымдар сол уақыттағы халық шаруашылығының өртүрлі салаларында кеннен қолданылды. Тек қолданылып қана қоймай Кенжекеңнің атсалысуымен бұрынғы Алматы халық шаруашылығы институтында материалдық-техникалық жабдықтау кафедрасы ашылды. 1973 жылы материалдық-техникалық жабдықтаудың экономикасы мен жоспарлауы кафедрасы болып ол қайта құрылып, өзі оның менгерушісі болды. Сол жылдардан бастап қазақ

еінде материалдық-техникалық жабдықтау саласының ғылыми іргесі қаланды. Ғалымның басшылығымен және көптеген шәкірттері осы ғылыми мектептің қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді.

Кенжеғали Сағадиев — жан-жақты білімді ғалым. Оның ғылыми еңбектері экономиканың өртүрлі салаларын қамтиды. Мысалы, агроөнеркәсіпті жүргізу механизмін жетілдіру және аграрлық секторды жана экономикалық өдіске көшірудің түйінді мәселелеріне, Қазақстан агроөнеркәсібін басқару, оның интеграциясын дамытуға арналған, тағы басқа да көптеген еңбектері бар.

Ол — жоғары білім беру саласы мен ғылымның ірі ұйымдастырушысы. Үш іргелі жоғары оқу орнының ректорлық қызметін атқаруы, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті болып істеуі, К. Сағадиевтің ғылым мен білімді төжірібеде ұштастыруы нағыз азаматтық талап пен қажырлы еңбек жолын көрсетсе керек.

1990 жылы Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының президентінің қызметін хатшысы қызметін атқарып жүргенде республика ғылымының даму саясатының тұжырымдамасын жасауға бар күш-жігерін жұмсады. Оның басшылығымен Ұлттық Ғылым академиясының жұмысы тобы «Қазақстандағы ғылым және ғылыми саясат туралы» Занның жобасын дайындады. Ғылым академиясының Оңтүстік, Батыс және Шығыс бөлімшелерін ұйымдастырушылардың бірі — К. Сағадиев болды.

1992 жылы ол Қазақ мемлекеттік экономикалық университетінің ректоры болып тағайындалды. Бұл кез егемен Қазақстан мемлекетінің экономикасы мен әлеуметтік өмірінде нағыз реформалар басталған шақ еді.

